

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	078
Жинақтағы беттері	365-370
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 340.134:004
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Арин Қуандық Мейрамбекұлы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды
Мақала атауы	ЖАҢАҢДАҢУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

## ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Арин Қуандық Мейрамбекұлы

[kukakuzya2004@gmail.com](mailto:kukakuzya2004@gmail.com)

«Соттық прокурорлық қызмет» білім бағдарламасының 3-курс студенті  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды  
зерттеу университетінің «Мемлекет және құқық теориясы  
мен тарихы» кафедрасының аға оқытушысы з.ғ.м. Оралбаев Н.К.

«Орасан зор технологиялық серпін беретін «цифрландыру» болашаққа жол мүмкіндіктің бірі деп санаймыз. Цифрландыру қарқыны экономиканың дамуына зор ықпал етіп, бүгінгі күн тәртібінің бағыт-бағдарын айқындап береді. Жасанды интеллект, блокчейн, Ғаламтор заттар (IoT) және Үлкен деректер (Big Data) секілді жаңа қолданбалар мен технологияларды кең көлемде енгізу ауыл шаруашылығынан бастап қаржы саласына дейін барлық саладағы қызмет өзгеруіне алып келеді. Бұл үрдістің Қазақстан үшін аса маңызды екенін анық түсінеміз», – деді Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қ.К. [1].

Қазақстан Республикасында ақпараттандыру мен байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті (киберқауіпсіздікті) қамтамасыз ету бойынша шаралар жүйесінің ұйымдастыру-құқықтық және техникалық негіздері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын ("Қазақстанның киберқалқаны") бекіту туралы» қаулысымен сәйкес ақпараттық қауіпсіздіктің және ақпараттық кеңістік пен байланыс инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құрамдас бөліктері ретінде заңнамалық түрде бекітілді [2].

Жеке өмірге қол сұғылмаушылық-бұл жеке адамдардың өмірінде олардың тәуелсіз дамуымен, өзара әрекеттесуімен және бостандығымен байланысты сала болуы керек деген болжам ретінде анықталған адамның негізгі құқығы. Жеке өмірге құқықты ресми түсіндіру, бұқаралық ақпарат құралдары мен адам құқықтары туралы ЕКПА Декларациясымен бекітілген [3].

Әлем қарқынды технологиялық дамуды бастан өткеріп жатқан уақытта Қазақстан Орталық Азияның негізгі мемлекеті ретінде қоғамның әртүрлі салаларына цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізуде. Цифрландыру процестерді онтайландыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және азаматтардың өмір сүру жайлылығын жақсартуға мүмкіндік беретін елді жаңғыртудың ажырамас бөлігіне айналды.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының негізгі аспектілерінің бірі- мемлекеттік жүйені жетілдіру және азаматтарға электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету, сондай-ақ қажетті құжаттарды мүмкіндігінше тезірек алу болып табылады. Электрондық үкімет азаматтар мен кәсіпкерлерге мемлекеттік қызметтерді онлайн режимінде алуға мүмкіндік береді, бұл өмірді едәуір жеңілдетеді. Қазақстан Республикасында цифрландыру және жаһандану кезінде, сондай-ақ адам өміріндегі ақпараттық коммуникация мен ақпарат алмасу арасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін арнайы заңдар белгіленген.

Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын бұзу бойынша төменде жіктелгендей тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылады:

– Электрондық құжаттарды қабылдамау – лауазымды тұлғаларға 20, заңды тұлғаларға 50 АЕК айыппұл.

– Куәландырушы орталықтың ашық кілттерді қорғау шараларын қолданбауы – 100 АЕК айыппұл.

– Тіркеу куәліктерін иеленушілердің мәліметтерін қорғау шараларын қолданбауы – 100 АЕК айыппұл.

– ЭЦҚ жабық кілтін қорғау және ашық кілттерді сақтау талаптарын орындамау – 50 АЕК айыппұл.

– Жабық кілтті басқа тұлғаларға заңсыз беру: Жеке тұлғалар – 10 АЕК, Лауазымды тұлғалар, шағын кәсіпкерлер, коммерциялық емес ұйымдар – 15 АЕК, Орта кәсіпкерлер – 30 АЕК, Ірі кәсіпкерлер – 150 АЕК айыппұл [4].

Осыған байланысты, ақпараттық қауіпсіздікті сақтамау, ақпараттың көшірмелерін дайындамау, моральдық зиян келтіру немесе жеке деректері бар электрондық ақпараттық ресурстарды алу кезінде құқықтарды шектеу, Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодекспен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 147-бабы «Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу» тікелей ақпараттың қауіпсіздігіне жауап береді, отбасындағы құпия мәліметтерін қорғайды. Атап кетсек:

– Дербес деректерді қорғау шараларын сақтамау (елеулі зиян келтірсе): 3 жылға дейін лауазымнан немесе қызметтен шеттету, 3000 АЕК дейін айыппұл, түзету жұмыстары, 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу не айыру.

– Жеке өмірге қатысты деректерді заңсыз жинау не өңдеу (елеулі зиян келтірсе): 5000 АЕК дейін айыппұл, түзету жұмыстары, 800 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу не айыру.

– Деректерді заңсыз жинау ауырлататын мән-жайларда (қызмет бабын пайдалану, ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу: 2-5 жылға дейін лауазымнан немесе қызметтен шеттету, 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– Жеке өмір туралы деректерді заңсыз тарату (елеулі зиян келтірсе): 3-6 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– Деректерді заңсыз тарату ауырлататын мән-жайларда (көпшілік алдында, медиада, кек алу мақсатында): 3-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

Сондай-ақ, «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 7 – тарауына ерекше назар аударған жөн. Бұл тарау ақпараттық технологиялар мен байланыс құралдарын пайдалану барысында жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды реттейді. Оның негізгі мақсаты – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ ақпараттық ресурстар мен жүйелердің заңды пайдалануын қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодекстің 205–211-баптары бойынша қысқаша мазмұны:

– 205-бап. Ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізу. Электрондық ақпаратқа құқыққа сыйымсыз қол жеткізу – 160 АЕК-ке дейін айыппұл, түзету жұмыстары, 40 тәулікке дейін қамақ, лауазымдық шектеу. Аса маңызды объектілерге қатысты – 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 50 тәулікке дейін қамақ. Ауыр зардаптар – 2000 АЕК-ке дейін айыппұл, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– 206-бап. Ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру. Ақпаратты жою немесе жалған енгізу – 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 50 тәулікке дейін қамақ. Аса маңызды объектілер немесе алдын ала келісім – 2000 АЕК-ке дейін айыппұл, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Қылмыстық топ немесе ауыр зардап – 3-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– 207-бап. Ақпараттық жүйенің жұмысын бұзу. Жүйені бұзу – 2000 АЕК-ке дейін айыппұл, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Аса маңызды объектілер немесе келісім – 4000 АЕК-ке дейін айыппұл, 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Қылмыстық топ немесе ауыр зардап – 5-10 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– 208-бап. Ақпаратты құқыққа сыйымсыз иелену. Ақпаратты көшіру немесе иелену – 200 АЕК-ке дейін айыппұл, 50 тәулікке дейін қамақ. Аса маңызды объектілер немесе келісім

– 2000 АЕК-ке дейін айыппұл, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Қылмыстық топ немесе ауыр зардап – 3-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– 209-бап. Ақпаратты беруге мәжбүрлеу. Қорқытып ақпарат талап ету – 2000 АЕК-ке дейін айыппұл, 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Күш қолдану, келісім – 3-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Қылмыстық топ немесе ауыр зардап – 5-10 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– 210-бап. Зиян келтіретін бағдарламаларды тарату. Бағдарлама жасау, тарату – 3000 АЕК-ке дейін айыппұл, 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Келісім немесе маңызды объектілер – 3-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Қылмыстық топ немесе ауыр зардап – 5-10 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

– 211-бап. Шектелген ақпаратты тарату. Дербес деректерді тарату – 200 АЕК-ке дейін айыппұл, түзету жұмыстары, 180 сағат қоғамдық жұмыс. Аса маңызды объектілер немесе келісім – 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру [5].

Бұл баптар негізінен ақпараттық қауіпсіздік пен заңмен қорғалатын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша, заңсыз ақпарат алу барысында күш көрсету, бопсалау, қорқыту, міндетті тиесінше орындамау, адам өміріне қауіп төнсе ҚР Қылмыстық кодексімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырда қабылданған «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңына сүйенсек, Қазақстан мемлекеті өз халқына дербес деректерді алу, мемлекеттік қызметтерді онлайн алу үшін оңай әрі жалпыға бірдей қолжетімділік орнатқанын. Алайда, қолжетімділігі шектеулі болып бөлінеді. Сонымен қатар, қолжетімділігі шектелген дербес деректер – қолжетімділігі шектеулі дербес деректер боп табылады. Қолжетімді дерек - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құпиялылықты сақтау талаптары қолданылмайтын, оларға қол жеткізу субъектінің келісімімен еркін болып табылатын дербес деректер немесе мәліметтер жатады. Қоса кететін жайт, Осы заң арқылы деректерді жинау, өңдеу, мемлекеттік сервис, мемлекеттік емес сервис арқылы не келісімді алғанын растауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілмен келісім береді және де кері қайтара алады. Біздің ойымызша, ол ақылға қонымды әрі адамға ыңғайлы заң. Ал барлық дербес деректерді жинайтын, қарастыратын, өндейтін – оператор боп табылады [6].

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 179/НҚ бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 15 маусымда тіркелген заңда дербес деректерді қорғау үшін әрекеттерді бірқатар жіктеген [7].

Дербес деректерді қорғау - жеке өмірге қолсұғылмаушылық, жеке және отбасы құпиясы құқықтарын іске асыруды; тұтастығы мен сақталуын және де құпиялылығын сақтайды; заңсыз жинауды, құқыққа қайшы жолдармен деректерді өңдеуге я тасымалдауға тағы сондай сияқты әрекеттерге қарсы шаралар кешенін шығарады.

Дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету үшін: дербес деректер қамтылған бизнес-процестерді бөлу; дербес деректерді жалпыға қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі деп бөлу; дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын не оларға рұқсаты бар тұлғалардың тізбесін айқындау; дербес деректерге қол жеткізудің тәртібін белгілеу; оператордың дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты саясатын айқындайтын құжаттарды бекіту [6].

Қазақстан Республикасында азаматтарға арналған «Электрондық үкімет» порталы бар. Кіру үшін ЭЦҚ, ЖСН/БСН, мобильді қосымшаларға тіркелу қажет. Қазақстандықтар үшін жақсы портал деп есептейміз, себебі уақытыңды үнемдеп, өзіңе керекті құжатты өндіріп алу мүмкіндігі бар. Электрондық үкіметтің жобаларына ондаған түрлі ақпараттық жүйелер (АЖ), регистрлер, Мемлекеттік Деректер Базасы (МДБ), жүздеген қосымшалар мен қызметтер кіреді. Электронды Үкіметтің құрылымы мен дамуы күрделі, себебі «Электрондық үкіметтің ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту туралы» заңы реттейтін қатынастар тобы ауқымды. Егер құжат ұзақ уақыт дайындауды талап етілсе, өтінім түскен кезінде интеграция 2 күн ішінде сұрау алу процесін жүзеге асыра отырып, құжатты


дайындайды; Интеграциялық сервис бастамашысы сервистік интегратордың ұсынымдары негізінде «электрондық үкімет» веб-порталында авторланады және ақпараттандыру объектісі иесіне сервис құруға өтінім нысанында сұрау салу жібереді. Интеграциялық сервистің бастамашысы «электрондық үкімет» веб-порталында авторланады және сервистер тізілімінде қажетті сервисті іздейді. «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісіне ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынау актісін кері қайтарып алу кезінде Оператор ақпараттандыру субъектілерін хабардар ете отырып, 1 жұмыс күні ішінде осы «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектісіндегі барлық интеграциялық өзара іс-қимылды тоқтата тұрады [8].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығының негізінде - eGov, Open government partnership басқа да шет елдерден алынған ақпараттық құқықтық практикаларды біздің елге біртіндеп енгізілуде. Электронды үкімет, Ашық мемлекеттік әріптестігі тағы басқа қазіргі таңда орын алды. Оның барлығы жаһандандудың бастамасы.

Осы заңнама арқылы біздің елде ашық үкімет нығая түсті, электронды үкімет дами бастады, ақпараттың ашықтығын және мемлекеттік органдар қызметінің проактивтілігін қамтамасыз етіле бастады, «Қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызмет» ұғымы енгізілді, бизнестерге қолайлы жағдайлар жасалынған [9].

Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау Ұйымының «Цифрлық денсаулық сақтау субъектілерінің дербес медициналық деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды, қорғауды және беруді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында медициналық қызметкерлер мен пациент арасындағы электронды құжат қарым-қатынасы көзделген. Яғни, дербес медициналық деректерді қорғау үшін цифрлық денсаулық сақтау субъектілері дербес медициналық деректердің, ақпараттық активтердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қорғауды қамтамасыз етеді және ақпаратты қорғаудың ұйымдастырушылық-техникалық шараларын қолдану арқылы ақпараттық жүйелер мен ақпараттық құралдардың пайдаланылуын бақылайды, құпиялылығын сақтайды. Ақпараттандыру объектілеріне қолжетімділікті бақылауды цифрлық денсаулық сақтау субъектісі осы әрекеттерді орындаған пайдаланушы туралы және электрондық ақпараттық ресурстарды орналастыру, өзгерту, жою фактісі туралы ақпаратты уақыт журналына жазу және жазу арқылы жүзеге асырады [10].

Жалпы, жүргізілген талдау, Қазақстанның цифрлық мемлекеттің дамуында елеулі жол жасағанын көрсетті, алайда Қазақстанның смарт нысаналы деңгейіне жетуінің ағымдағы деңгейін қалыптастыруда әліде жұмыстың көп екенін көріп отырмыз.



Сурет 1 – Негізгі көрсеткіштер

e-GOV 2.0: Негізгі міндеттерді шешу, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру.

- Ашық: Мәліметтердің ашықтығы, деректерге қолжетімділікті кеңейту.
- Деректерге бағдарланған: Ведомстволар арасында мәлімет алмасу, аналитикалық

шешімдер.

- Цифрлық: Деректердің автоматты жинағы, «Заттар интернетін» пайдалану.
- Смарт: Жасанды интеллект пен ақылды құрылғыларды енгізу, өмірлік жағдайларға

толық цифрлық қызмет көрсету.

Кезеңдердің соңғы мақсаты – «Смарт» деңгейіне жету, яғни жасанды интеллект пен ақылды технологиялар негізінде толық цифрлық қоғам қалыптастыру.

Жасанды интеллект (Artificial Intelligence – AI) – адам миының когнитивті функцияларын модельдеу арқылы күрделі мәселелерді шешуге қабілетті технологиялық жүйе. Бұл ұғым алғаш рет 1956 жылы Дартмут конференциясында Джон Маккарти, Марвин Минский және басқа да зерттеушілердің еңбектерімен ғылымға ендіелері машиналық оқыту (Machine Learning), тереңдетілген оқыту (Deep Learning) және нейрондық желілер (Neural Networks) секілді технологияларға сүйенеді [11].

ЖИ-тің артықшылықтары мен кемшіліктері келесі кестеде жазылған:

Кесте 1 – Салыстырмалы талдау

№	Артықшылықтары	Кемшіліктері
1	Процестерді автоматтандыру: ЖИ қайталанатын және қарапайым тапсырмаларды жылдам әрі қателіксіз орындайды. Мысалы, өндірістегі роботтар мен чат-боттар клиенттерге қызмет көрсетуді автоматтандыру үшін кеңінен қолданылады.	Жұмыс орындарының түсуі: автоматтандыру нәтижесінде көптеген қарапайым мамандықтар жойылып, жұмыссыздық деңгейі артуда. PwC зерттеуіне сәйкес, 2030 жылға қарай әлемдік жұмыс орындарының 30%-ы ЖИ-мен алмастырылады [12].
2	Шешім қабылеттілігі: медициналық диагностика саласында жасанды интеллект деректерді талдап, дұрыс диагноз қоюда дәрігерлерге көмектеседі. IBM Watson платформасы онкологияда диагностика жасау үшін қолданылады [13].	Этикалық мәселелер: ЖИ-тің автономды шешім қабылдау қабілеттарын бұзуы мүмкін. Әсіресе, автономды қару-жарақ жүйелерінде бұл мәселе өзекті. Сондай-ақ, ЖИ адам емес екенін ескертуіміз қажет, ол тірі жанға тән эмоциялар, құндылықтарды білмегеннен, адамға теріс әсер беретін жауап беруі әбден мүмкін.
3	Шығындарды азайту: компаниялар ЖИ технологиясын енгізу арқылы еңбек ресурстарын қысқартып, өндіріс шығындарын азайтады.	Құпиялылық пен қауіпсіздік қаупі: ЖИ пайдаланатын жүйелерде жеке мәліману қаупі жоғары. Cambridge Analytica жанжалы осы мәселенің айқын мысалы болды [14].
4	Үлкен деректерді талдау: ЖИ кең көлемдегі мәліметтерді тез өңдеп, бизнес пен ғылым саласындағы маңызды шешімдерді қабылдауға көмектеседі.	Әлеуметтік теңсіздік: ЖИ-ні енгізу экономикалық теңсіздікті арттыруына әсер береді.

Барынша цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

- деректердің ең жоғары көлемін жинауды және цифрлық трансформация қолжетімді әрі тез болатындай әрекет жасау;

- цифрландырудың платформалық моделіне көшу, халықты цифрландыру мен жаһандануға үйрету;
- Жасанды интеллект адам өміріне көмектесетін платформаларды құру;
- экономиканың барлық салаларын, сондай-ақ өңірлерді ұлттық инновациялық жүйеге және технологиялық дамуға жүйелі және орнықты тарту мен интеграциялауға көшу, оның ішінде салалық технологиялық құзыреттілік орталықтарының, нысаналы технологиялық бағдарламалардың әлеуетін қалыптастырумен, дамытумен және пайдаланумен шектелмеуі қажет;
- ұлттық инновациялық жүйені және оның процестерінің тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ оның қатысушыларының жұмыс істеуінің ыңғайлылығын қамтамасыз ету үшін жүйелеу, құрылымдау және цифрлау;
- елдің қауіпсіз цифрлық инфрақұрылымын дамыту;
- Ақпараттық – коммуникациондық технология қолдану кезінде жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет ету.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. «Қасым-Жомарт Тоқаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің 35-ші пленарлық отырысына қатысты» Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. // <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kasym-zhomart-tokaev-provel-35-e-plenarnoe-zasedanie-soveta-inostrannyh-investorov-853834>
2. «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын (Қазақстанның киберқалқаны) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000407>
3. «Бұқаралық ақпарат құралдары мен адам құқықтары туралы» Декларация. ЕКПА-ның 1970 жылғы 23 қаңтардағы (18-ші отырыс) № 428 (1970) // [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31620421](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31620421)
4. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексі. 5 – шілде 2014. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z639>
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодесі. 3 – шілде 2014. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z208>
6. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңы. 21 мамыр 2013. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>
7. «Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 179/НҚ бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032810>
8. «Электрондық үкіметтің ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің м.а. 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016777>
9. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» . Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522#z14>
10. «Цифрлық денсаулық сақтау субъектілерінің дербес медициналық деректерді жинауды, өндеуді, сақтауды, қорғауды және беруді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № ҚР ДСМ -30 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100022550>
11. Амангельдиев А.А., Әбдібек А.Д. Жасанды интеллект мәселелері: философиялық талдау // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан 1-11 б.
12. «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі қаулысы // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592?utm\\_source=chatgpt.com](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592?utm_source=chatgpt.com)